

Тереңкөл ауданы Тереңкөл ауылдық округінде қауымдық сервитут орнату туралы

Павлодар облысы Тереңкөл ауданы Тереңкөл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 40 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 шілдеде № 6469 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19-бабы 1 -1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 1-тармағы 6) тармақшасына сәйкес Тереңкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Тереңкөл ауданы Тереңкөл ауылдық округінде жер пайдаланушылардан жер учаскелері алынбай қауымдық сервитут орнатылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тереңкөл ауылдық
округінің әкімі

А. Маңғұтов

Тереңкөл ауданы Тереңкөл
ауылдық округі әкімінің
2019 жылғы "3" шілдедегі
№ 40 шешіміне
қосымша

Р/с №	Пайдаланушы	Ауданы, га	Ұзындығы, метрмен	Нысалы мақсаты	Пайдалану мерзімі (жыл)	Жер телімінің орналысқан жері
1	"Қазақтелеком" Акционерлік қоғамының филиалы – Телекоммуникациялар және инфрақұрылым объектілерінің құрылыс дирекциясы	0,74	1850	Талшықты-оптикалық байланыс желілерін орнату және пайдалану үшін	2	Тереңкөл ауылдық округі